

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Нұр-Сұлтанда 11 қарашада IV Astana Media Week медиа апталығы басталады

2020 жыл 11-13 қарашада “Қазмедиа орталығының” қатысуымен ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ұйымдастыруымен IV Astana Media Week медиа апталығы өтеді. Аталмыш шара онлайн форматта өткізіледі.

Медиа апталықтың негізгі мақсаты - отандық медиа саланы дамыту, сондай-ақ өңірлік және халықаралық деңгейде индустриядағы іскерлік қатынастарды ілгерілету.

Міне төртінші жыл қатарынан медиа апталық әлемнің түкпір-түкпірінен жетекші сарапшылардың басын қосып, осы саланың өзекті тақырыптарын талқылайтын болады. Бұл жолғы апталықта ұйымдастырушылар болашақта медиа жұмысын құру жолдарына зейін қояды.

Басты тақырыптар: медиа контентті пайдаланудың жаһандық тенденциялары; пандемия және БАҚ-қа деген сенім деңгейі; редакциялардың жаңа кеңістікте жұмыс жасауы; мульти кеңістік; медиа кеңістіктің жаңа көшбасшылары. Шараны ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева ашады.

AMW шарасына қатысуға отандық және шетелдік топ-менеджерлердің өкілдері, жетекші медиа агенттіктердің сарапшылары, ірі халықаралық ұйымдар мен шет елдік жоғары оқу орындарының ғалымдары, мемлекеттік сектор мен продакшн-компаниялардың өкілдері шақырылды.

Олардың қатарында:

Роберт Скиннер – БҰҰ Жаһандық коммуникациялар департаментінің аға кеңесшісі; Джавад Моттаги – Азия-Тынық мұхиты хабар тарату одағының (ABU) бас хатшысы; Михаил Зыгар – журналист, редактор, жазушы; Петр Федоров – Бүкілресейлік мемлекеттік телевизия және радио хабар тарату компаниясының халықаралық қатынастар дирекциясының басшысы; Михаил Гусман – Ресей ТАСС АА бас директорының бірінші орынбасары; Шамиль Садыков - ТАТМЕДИА бас директоры; Ирина Шихман – “А поговорить?” YouTube арнасының авторы, интервьюер, журналист; Әлішер Елікбаев – PR-маман, сондай-ақ, әлемнің және Қазақстанның медиа-қоғамдастықтарының басқа да басты сарапшылары.

Сонымен қатар, Astana Media Week медиа апталығына қатысушылар онлайн-шаралардың **тұтас сериясына** қатыса алады.

Қазақстандағы Америка елшілігінің қолдауымен Нью–Йорк киноакадемиясының профессорлары **журналистерге арналған воркшоптар** ұсынады: Билл Айнрайнхофер – америкалық телепродюсер, Америка режиссерлер гильдиясының мүшесі, Эмми сыйлығының үш дүркін иегері; Евгения Власова - журналист, NYFA оқытушысы.

Ресей мен Қазақстанның медиа жаттықтырушылары да өз шеберліктерімен бөліседі: Андрей Дорожный - дата-журналист және деректерді визуализациялау маманы; Александр Данилов – “Stop Fake” жобасының жетекшісі; Айнұр Коскина – журналист, медиа жаттықтырушы; Айдос Сарым – саясаттанушы; Дәуіржан Ауғамбай – “Akyl – kenes” журналының баспагері; Жанна Ибраева - шешендік өнер жөніндегі жаттықтырушы; Махаббат Есен - журналист, теле-радио жүргізушісі.

Медиа саласының қатысушыларына арналған **жыл сайынғы “Контент-маркет”** көрмесі алғаш рет онлайн форматта өткізіледі. Көрмеде отандық және халықаралық продакшн-компаниялардың медиа нарықтағы өзекті ұсыныстарымен танысуға болады. Сонымен қатар контент өндірушілері ықтимал сатып алушыларға өз жобаларын таныстыруға мүмкіндік алады.

AMW аясында алғаш рет баспа, радио, интернет-журналистика саласындағы жетістіктері үшін жыл сайынғы **“Үркер” ұлттық сыйлығының марапаттау** рәсімі өткізіледі. Дәстүр бойынша жеңімпаздарға эксклюзивті мүсінше мен 1 000 000 теңге көлемінде ақшалай сыйлық беріледі. Салтанатты шараны онлайн-трансляция арқылы сайттан тамашалауға болады.

Astana Media Week – бұл барлық мүдделі меймандар қатыса алатын ашық алаң. www.astanamediaweek.kz ресми сайтында апталықтың толық бағдарламасымен танысуға және қатысушы ретінде тіркелуге болады. Қатысу тегін.

Astana Media Week ұйымдастырушысы –Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі “Қазмедиа Орталығы” басқарушы компаниясы” ЖШС қатысуымен.

“Қазмедиа Орталығы” – Орталық Азияда теңдесі жоқ технологиялық медиакластер мен салалық бизнес-орталық мүмкіндіктері біріктірілген заманауи іскерлік технологиялық кешен.

Жаңалықтармен Facebook u Instagram әлеуметтік желілеріндегі @astanamediaweek ресми аккаунттарында таныса аласыздар.